## Ауданда 2010 жылы ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 17 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 08 ақпанда N 5-16-90 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 441 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010.12.30 N 441 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5) тармақшасының, 20 бабының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінің, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 бабының негізінде, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту және жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әр түрлі топтарын қолдау мақсатында, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан бойынша 2010 жылғы ақылы қоғамдық жұмысқа тартылатындар саны 450 адам болып белгіленіп, оларды жұмысқа қатыстыратын мекеме, кәсіпорын ұжымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары бекітілсін. (№ 1 қосымша).

2. Ауылдық округ әкімдері және мекеме, кәсіпорын, ұжым басшылары қоғамдық жұмысқа жіберілгендерді ақылы қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесінде көрсетілген жұмыстарға (№ 2 қосымша) және мақсатты топтарға (№ 3 қосымша) ақылы қоғамдық жұмыстарды тиімді пайдалансын.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ғ. Атықанов ауылдық округ әкімдеріне, мекеме кәсіпорын, ұжым басшыларына (келісім бойынша) қоғамдық жұмысты Қазақстан Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Ережеге сай ұйымдастыру

тапсырылсын және ұсынылсын.

4. Ақылы қоғамдық жұмыста төленетін еңбек ақы Қазақстан Республикасында бекітілген төменгі еңбек ақы мөлшерінен кем болмасын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Әзімхановқа жүктелсін.

6. Аудан әкімдігінің мемлекеттік тіркеу № 5-16-67 «Ауданда ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы» аудан әкімдігінің 30 желтоқсандағы 2008 жылғы № 531 қаулысының күші жойылсын.

7. Осы қаулы аудандық Әділет басқармасында тіркеуден өтіп, ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі М. Сапарғалиев*

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 17 қаулысына № 1 қосымша

## 2010 жылға ақылы қоғамдық жұмыс ұйымдастыратын мекемелер, кәсіпорын, ұжымдар тізімі

| Р/с | Жұмыс беруші | Орындалатын қоғамдық жұмыс түрлері | Адам саны | | 1 айға еңбек ақы | Ай саны | Бөлінген қаржы (теңге) | Қаржы көзі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барлығы | Оның ішінде ауыл | | | | бюджеттен | Жұмыс берушіден |
| 1 | Ақсуат ауылдық округі әкімі | Шаруашылық кітабын толтыру, көше тазалығы, іс-қағаздарымен жұмыс, мал санағына көмектесу | 60 | 60 | 15139,00 | 3 | 2569289 | Бюджет | |
| 2 | Ақжар ауылдық округі әкімі | Шаруашылық кітабын толтыру, көше тазалығы, іс-қағаздарымен жұмыс, мал санағына көмектесу | 60 | 60 | 15139,00 | 3 | 2725020 | Бюджет | |
| 3 | Екпін ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | | | | | | Бюджет | |
| 4 | Жаңа-ауыл ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 5 | Жетіарал ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 6 | Жәнтікей ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 7 | Қабанбай ауылдық округі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 8 | Қарасу ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Кіндікті ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 10 | Көкжыра ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 11 | Құйған ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 12 | Құмгөл ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 13 | Қызыл-кесік ауылдық округі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| | | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Маңырақ ауылдық округі әкімі | жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 15 | Ойшілік ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 16 | Сатпаев ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 6 | 6 | 15139,00 | 3 | 272502 | бюджет | |
| 17 | Тұғыл ауылдық округі әкімі | Ауыл тазалығы, көгалдандыру, ағымдағы жөндеу, іс-қағаздарымен жұмыс, шаруашылық кітабын толтыру, мал санағына көмектесу | 16 | 16 | 15139,00 | 3 | 726672 | бюджет | |
| 18 | Аудан әкімі аппараты | Сыртқы шаруашылық, ағымдағы жөндеу, тазалық жұмыстары, курьер, іс-қағаздарымен жұмыс | 7 | 7 | 15139,00 | 2 | 211946 | бюджет | |
| 19 | «Тарбағатай» газеті | Ағымдағы жөндеу, іс қағаздарымен жұмыс | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 20 | Ветлаборатория ( Ақжар) | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | Аудандық қаржы бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі тазалық, полигон және мүлікті жария ету құжаттарын дайындауға көмектесу | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 22 | Муниципалды базар | Тазалық, іс-қағаздарымен жұмыс, құрылыс, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 5 | 5 | 15139,00 | 2 | 151390 | бюджет | 30000 |
| 23 | Мемлекеттік еңбек инспекторы | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі тазалық | 6 | 6 | 15139,00 | 2 | 181668 | бюджет | |
| 24 | Аудандық ЖҚ және ӘБ бөлімі | Сыртқы тазалық, архивке құжаттар даярлау, іс-қағаздарымен жұмыс, полигон және мүлікті жария ету құжаттарын дайындауға көмектесу | 15 | 15 | 15139,00 | 2 | 454170 | бюджет | |
| | | 50 жастан асқан әйел адамдарды жұмысқа тарту | 20 | 20 | 15139,00 | 12 | 3633360 | 1-жылға | |
| 25 | Аудандық зейнетақы төлеу орталығы | Іс-қағаздарымен жұмыс, көгалдандыру, тазалық жұмыстары | 4 | 4 | 15139,00 | 3 | 181668 | бюджет | |
| 26 | Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | Мәдени шараларға қатысу, ішкі, сыртқы тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 27 | Аудандық мұрағат | Құжаттармен жұмыс, тазалық | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | бюджет | |
| 28 | Аудандық жылжымайтын мүлікті тіркеу орталығы | Іс-қағаздарымен жұмыс, тазалық жұмыстары | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 29 | Аудандық әділет басқармасы | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | бюджет | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | Аудандық прокуратура | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет | 8 | 8 | 15139,00 | 2 | 242224 | бюджет | |
| 31 | Аудандық ішкі істер бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, от жағу, ағымдағы жөндеу | 10 | 10 | 15139,00 | 2 | 302780 | бюджет | |
| 32 | Ақжар полиция бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, от жағу, ағымдағы жөндеу | 10 | 10 | 15139,00 | 2 | 302780 | бюджет | |
| 33 | Қылмыстық атқару инспекциясы | жазасын өтеп келген азаматтарды әр-түрлі жұмыстарға тарту | 3 | 3 | 15139,00 | 3 | 136251 | бюджет | |
| 34 | Тарбағатай аудандық көші-қон полиция тобы | құжаттармен жұмыс істеуге көмек | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | бюджет | |
| 35 | Төтенше жағдайлар бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет, ағымдағы жөндеу, көгалдандыру жұмыстары | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | бюджет | |
| 36 | А. Байқыдыров атындағы саз мектебі | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет, ағымдағы жөндеу, көгалдандыру жұмыстары | 2 | 2 | 15139,00 | 3 | 90834 | бюджет | |
| 37 | Ақжар саз мектебі | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет, ағымдағы жөндеу, көгалдандыру жұмыстары | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 38 | М. Имашев атындағы спорт мектебі | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет, ағымдағы жөндеу, көгалдандыру жұмыстары | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 39 | Ақсуат ауылдық мәдениет үйі | Тазалық жұмыстары, мәдени шаралар | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | бюджет | |
| 40 | Орталық мешіт | Тазалық, күзет ағымдағы жөндеу жұмыстары | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | бюджет | |
| 41 | Жол полициясы бөлімшесі | Тазалық, ағымдағы жөндеу, күзет, көгалдандыру жұмыстары | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | Бюджет | |
| 42 | Ветлаборотория ( Ақсуат) | Тазалық жұмыстары, күзет, көгалдандыру | 8 | 8 | 15139,00 | 2 | 242224 | Бюджет | |
| 43 | Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | Бюджет | |
| 44 | Тарбағатай аудандық дене шынықтыру спорт бөлімі | Аудан әкімінің спартакиадасын өткізу, жарыстар өткізу, тазалық жұмыстары. | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | Бюджет | |
| 45 | " Шығысэнерготрейд " ЖШС | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | Бюджет | |
| 46 | "Нұр Отан" ХДП | іс-қағаздарымен жұмыс | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | Бюджет | |
| 47 | Мәслихат | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | Бюджет | |
| 48 | «Ақсуат» КМКК | Іс-қағаздарымен жұмыс, ішкі, сыртқы тазалық, күзет, ағымдағы жөндеу, көгалдандыру жұмыстары | 28 | 28 | 15139,00 | 2 | 847784 | бюджет | |
| 49 | «Ақжар» КМКК | Маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстары | 26 | 26 | 15139,00 | 2 | 787228 | бюджет | |
| 50 | КМКК"Көкжыра" | Сыртқы тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 3 | 3 | 15139,00 | 2 | 90834 | Бюджет | |
| | | Сыртқы тазалық, ағымдағы | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 51 | КМКК "Жаңаталап" | жөндеу жұмыстары | 3 | 3 | 15139,00 | 2 | 90834 | Бюджет | |
| 52 | КМКК "Құмкөл" | Сыртқы тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 3 | 3 | 15139,00 | 2 | 90834 | Бюджет | |
| 53 | КМКК "Тұғыл" | Сыртқы тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 3 | 3 | 15139,00 | 2 | 90834 | Бюджет | |
| 54 | Жер бөлімі | Сыртқы тазалық, ағымдағы жөндеу жұмыстары | 4 | 4 | 15139,00 | 2 | 121112 | Бюджет | |
| 55 | Статистика бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 5 | 5 | 15139,00 | 2 | 151390 | Бюджет | |
| 56 | № 1 медициналық бірлестік | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 1 | 1 | 15139,00 | 2 | 30278 | Бюджет | |
| 57 | Аудандық салық басқармасы | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 2 | 2 | 15139,00 | 2 | 60556 | Бюджет | |
| 58 | Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 1 | 1 | 15139,00 | 2 | 30278 | Бюджет | |
| 59 | Аудандық білім бөлімі | Іс-қағаздарымен жұмыс, курьер, ішкі, сыртқы тазалық | 1 | 1 | 15139,00 | 2 | 30278 | Бюджет | |
| | ЖИЫНЫ | | 450 | 450 | | 138 | 19964000 | | 30000 |

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты:

Жұмыс аптасының ұзақтығы бес күнді құрайды екі демалыс күн беріледі, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс бір сағат, жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтыру зейнетақы және әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін (әйелдер және отбасылық міндеттері бар өзге адамдар, мүгедектер, 18 жасқа толмаған адамдар) қоғамдық

жұмыстардың шарттары сай келген санаттың еңбек шарттарының ерекшеліктерін ескерумен анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек шарттарымен қарастырылады. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған бірінші және екінші топтағы мүгедек жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің 224 бабында көрсетілген аптасына 36 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс уақыты белгіленсін.

*Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ғ. Атықанов.*

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 17 қаулысына № 2 қосымша

## Ақылы қоғамдық жұмыстар түрінің тізбесі

1. Елді мекендерді, кәсіпорындар мен мекемелер аумақтарын тазарту.
2. Әлеуметтік-мәдени ғимараттарды, мектептерді жөндеу.
3. Экологиялық сауықтыру (көгалдандыру, суғару).
4. Республикалық, аймақтық қоғамдық науқандарды өткізуге көмектесу ( шаруашылық кітаптарын толтыру, мекемелердің іс-қағаздарын реттеу).
5. Ауыл шаруашылығы науқандық жұмыстарына қатысу.
6. Мекеме ғимараттарын күзету.
7. Ауру қарт адамдарға үй көмегін көрсету.
8. Мәдени шараларды өткізу (спорт жарысы, фестивальдар, байқаулар).

*Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ғ. Атықанов.*

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 17 қаулысына № 3 қосымша

## Мақсатты топтағыларға ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру

| Р/с | Мақсатты топтар | Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдар саны |
|---|---|---|
| 1 | Табысы аз адамдар | 338 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | 21 жасқа дейінгілер | 25 |
| 3 | Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі жастар | 30 |
| 4 | Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті, көп балалы ата-аналар | 20 |
| 5 | Мүгедектер | 5 |
| 6 | Оралмандар | 6 |
| 7 | Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуына екі жыл қалған) | 20 |
| 8 | Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар (Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жіберіледі) | 6 |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында Белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар | Жоқ |
| 10 | ҚР Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар | Жоқ |
| | Жиыны | 450 |

*Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ғ. Атықанов.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК